

Шектеу іс - шараларын алу және Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 23 "Шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қаңтарда № 5247 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № ВО 3-4/90 ұсынысына сәйкес, Көптоғай ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі аумағының ұсақ малдары арасында пастереллез ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық – санитарлық іс – шараларды жүргізумен байланысты белгіленген шектеу іс – шаралары алынсын.

2. Ойыл ауданы Көптоғай ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 28 қыркүйектегі № 23 "Шектеу іс – шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5111 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 қарашада "Ойыл" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көптоғай ауылдық округінің әкімі

Г. Амирова